

Зерттеу жұмысының бірден бір міндеті–тіл мамандығын меңгеремін деген оқушының кәсіби бағыттылығының дамуына себепші болатын педагогикалық шарттарды айқындау еді. Кәсіби бағыттылықты дамыту процесінің табыстылығына әсер ететін педагогикалық шарттарға: тілдік кәсіптің маңыздылығын, оның әлеуметтік беделдігін, оның жеке тұлғаларға қоятын талаптарын жете түсіну; кәсіби нарық инфрақұрылымының өзгеруіне, дайындаудың мазмұны мен нысанына бейімделу; оқушының оқу орнында өзіндік оқу траекториясын жүзеге асыру; оқушының кәсіби өз тағдырын өзі шешу процесіндегі белсенділігі.

Айта кететін бір жай, бұл шарттардың орындалуына мектептегі тілдік оқыту жүйесі көптеген мүмкіндіктер жасайды.

Құрастырылған кәсіби бағыттылықты дамыту моделі негізінде кәсіби бағыттылықтың құрама бөліктерін, көрсеткіштерін және белгілерін көрсету - оның даму деңгейіне диагностика және өзіндік диагностика жүргізуге мүмкіндік берді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтің Л.Н.Гумелев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде оқыған дәрісі: «Инновациялар мен оқу білімді жетілдіру арқылы білім экономикасы», Астана., 2006 ж.
2. «Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік білім беруді дамыту»бағдарламасы.
3. Бұзаубақова К.Ж.Жаңа педагогикалық технология.Тараз.,2003 ж.
4. Беспалько В.Л.Слагаемые педагогические технологии., Москва. Просвещение.1989 г.
5. Жұмабекова Ф.Н.Инновациялық педагогикалық технологияларды білім беру мазмұны сабақтастығын қалыптастыруда пайдалану\Білім.№2-2006, 44-46 б.
6. Ихсанова Б.К. Оқыту жүйесінде тіл маманы студенттерінің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері. \Менеджмент в образовании №3., 2007, 57-59 б.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАНЫҢ ЖАҢА ҚОҒАМДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ


*Асанова А.Ж.,
Б.Алтынсарин ат.
Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институтының
Педагогика және психология
мамандығының 4-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы,
доцент Ахметова П.А.*

Бүгінгі таңда еліміздің келеңсіз жағдайларының бірі - қоғамның ең бір әлсіз қорғалған мүшелерінің, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірін лайықты қамтамасыз ету, оларға сапалы білім беруді ұйымдастыру болып отыр.

Мүмкіндігі шектеулі балалар дегеніміз - ол 0-18 жасқа дейін дене және (әлде) психикалық нәсілді, жүре және өмір жағдаяттарымен пайда болған кемістігі бар, арнайы оқу тәрбиені талап ететін, өмірлік іс-әрекетке мүмкіндігі аз шектеулілер балалар [1].

Осындай балалардың саны күн санап артуда. ҚР Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім департаментінің статистикасы бойынша, 2005 жылы шамамен мүмкіндігі шектелген балалар саны 124 мыңды құраса, 2011жылы 149 мыңнан асты. 2012 жылғы мәлімет бойынша, 151216 бала белгілі болды [2].

Кесте -1




Кесте - 2



Мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға әкелетін қасіреті зор: баланың өзіне, ата-анасына, достарына, мектепке, туған туыстарына, демографиялық өсімге, отбасының азаюына, отбасын құрған жағдайда ата-ана міндетін толықтай атқара алмауы т.б.

Кесте – 3



Мүмкіндігі шектеулі балалар мемлекет қамқорында: «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзеу арқылы қолдау» туралы заң (2001ж), «Баланың құқығын қорғау» туралы заң (2002ж), «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау» туралы заң (2005ж) “Арнайы әлеуметтік қызметтер” туралы заң (2008ж) қабылданған.

Елімізде жыл сайын өткізіліп отыратын мүмкіндігі шектеулі жандар арасында болатын сайыстар, оларға арнайы жасалынған жобалар, соның ішінде Семей қаласының сырт жағында алғаш рет мүмкіндігі шектеулі балаларға

арналған жазғы лагерь жұмысын бастады. Бұл жобаны «Исток» қоғамдық бірлестігі қолға алған. «Қамқорлық» жобасы мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеуді көздейді. Балаларға төрт қабырғада қамалып отырмай, достар тауып, жаңа ортаға бейімделуге мүмкіндік жасайды. Параолимпиадалық ойындар, мүмкіндігі шектеулі балаларды жұмыспен қамту орындары ашылып, кәсіпорындар мен мекемелерде еңбек ету үшін мүгедектерге 3% квота қарастырылуда. «Нұр Отан» партиясының мүшелері мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сапасын арттыру үшін «Кедергісіз келешек» жобасын қолға алды.

Қазіргі кезде мүмкіндігі шектеулі балаларға және олардың қамқоршыларына жәрдемақы тағайындалған. 2015 жылғы 1 шілдеден бастап оларға төленетін жәрдемақы құны 25% жоғарылағалы отыр. Сонымен қатар, қамқоршыларының еңбек кітапшасына педагогтік еңбек өтілі ретінде жазылатынын ескере кеткен жөн.

2013-2014 жж Арқалық қаласы әкімдігінің «Мүмкіндігі шектеулі балалардың күндізгі болу бөлімшесі» жұмысының мәлімдемесі бойынша, барлығы 30 мүмкіндігі шектеулі 3-16 жасқа дейін балалар, соның ішінде - ұлы -18, қызы – 12. Шыққан отбасы 100%, әлеуметтік аз қамтылған - 39%, орта және ортадан жоғары қамтылған - 18%, толық -21%, толық емес - 14% отбасы, яғни баланың ауру жағдайына байланысты әкесінің кетіп қалуы болып отыр. «Мерез», «соз», «ЖИТС» қатерлі жұқпалы аурулардың әсерінен - 8%. Сонымен қатар, ғылыми зерттеулерде көрсетілген жағдаяттардан мүмкіндігі шектеулі балалардың туындау және түрі мен санының өсу себептерін анықтадық:

Кесте – 4



Нәсілдік, алды
ұрпақтан жалғасын алған;



Туа, осыдан бастау



Жүре, өмірлік
жағдаяттарға байланысты.

Салыстырмалы түрде «туа» және «жүре» пайда болуы салдарының көрсеткіштері жоғары. Мемлекеттік статистика бойынша «нәсілдік», яғни атадан балаға берілу себептерінің көрсеткіші 0,3% құраса, ал «туа» және «жүре» пайда болу себептері 99,7% жетіп отыр.

Мүмкіндігі шектеулі болып қалудың «нәсілдік»: ата-бабасынан ұрпақтан ұрпаққа; ген арқылы; туыстық некеден; некеге тұрарда медициналық тексеруден өтпеу салдарынан т.б беріледі. Сол себепті бұрынғы ата-бабаларымыз қан тазалығын сақтау және келер ұрпақтың сау, әрі саналы болып дүниеге келуі үшін жеті атаға дейін некеге тұрмаған. Жүкті әйелге көп көңіл бөлінген. Сонымен қатар, сау ұрпақ дүниеге келуі үшін көптеген ырым, тиымдар жасалынған. Мысалға: аяғы ауыр әйелге ішіндегі баланың кіндігі байланып қалады деп, тоқыма тоқытпаған, «ұзын» және «кіші» толғақ кездерінде ет кеспеуге, қайшымен қырықпауға үлкен мән берген. Жүкті әйелді таза ауада серуендетіп, көңіл күйін көтеру үшін әртүрлі ойын сауықтар ұйымдастырған. «Үйдің жақсысы ағасынан, баланың жақсысы нағашыдан» бекер айтылмаған. Яғни, баланың мұндай жағдайға душар болуы көбінесе анасынан берілетіндігін ескерген.

Балалардың «туа» мүмкіндігі шектеулі болып қалуын медициналық қортындылары бойынша былай түсіндіреді: аяғы ауыр әйелдің жүктілік кезінде ішімдік, наркотик т.б. пайдалануы; жоспарсыз құрсақтағы сәбиді әдейі түсіру мақсатында дәрілер ішуі, нәтижесінде бұл ойланбай жасаған әрекеті сәтсіз аяқталып сәбидің дүниеге келуі, кей жағдайларда дәрінің әсерінен баланың сал болып қалуы; аяғы ауыр әйелдің білместіктен дәрі ішіп қоюы; тамақтану (аллергия, демікпе т.б); мәдениетінің төмендігі, соның ішінде сағыз шайнау т.б.

Психолог мамандардың қортындысы бойынша, отбасындағы кейкілжің жағдайлары әсерінен; айрылысу, материалды жақтарды бөлісе алмау, жүктілік кезіндегі ауыр зардаптар, әртүрлі невроздар; жасөспірімдердің ерте жыныстық қатынасқа түсуі т.б.

Жеке адамның өзіне байланысты «жүре» мүмкіндігі шектелуі болып қалуы себептеріне медициналық және құқық органдарының мәліметі бойынша: жағдайға байланысты (құлау, зақым алу); жол көлік (велосипед, мотоцикл, ролик т.б); ойын (пиротехника, компьютер); ұялы телефон, құллаққап (наушник); тамақ түрлерінен улану (қоспасына байланысты, физикалық түріне байланысты); сағыз; баланың білместіктен химиялық улы заттарды пайдалануын жатқызады.

Медициналық қызметкерлердің кәсіби кемшіліктерінің әсерінен, жүктілік кезінде ауыр науқаспен ауырған әйелдердің диагнозын дұрыс қоймау, емдік шаралар кезінде

қажетті гигиеналық талаптарды сақтамауы, Мысалы: Шымкент өңіріндегі ВИЧ-ті 205 балаға жұқтырып, өмірлерін өкінішке айналдырған, қазіргі уақытта олардың 169-ы осы емдеу мекемесінде ем қабылдап жатыр. Ақ халатты абзал жандардың бұл салғырттығы ата-аналар мен мемлекет тарапынан сынға түскен болатын.

Педагогикалық оқу-тәрбие ісінің осалдығынан, қазіргі кезде әсіресе, қыс мезгілінде оқушылардың мұздан жасалынған мұзайдындарында ата-ананың не болмаса мұғалімнің бақылаусыз жүріп басын, аяқ қолын, дене мүшесін жарақаттауы, оқу зертханалары кезінде химиялық улы газдардан улану, яғни қауіпсіздік ережелерін дұрыс ұйымдастырмау салдарынан т.б. Алдын ала қауіпсіздік шараларының тиімді ұйымдастырылмауы, арнайы мамандармен құқық қорғау инспекторларымен, медицина, өрт, су қауіпсіздігі қызметкерлерімен кездесу шараларын ұйымдастыру жұмысының нақтылап қолға алынбауы. Алғашқы көмек туралы ақпараттардың, қатерлі жұқпалы аурулар (ЖИТС, «мерез», туберкулез, тұмау, гепатит т.б.) жайлы мағлұмат берудің жеткіліксіздігінен болып табылады.

Сонымен қатар, болып қалған жағдайда мүмкіндігінің шектелуі-өмірдің біткені емес екендігін дәлелдейтін шараларға мән берген дұрыс. Мысалға, атақты композитор Отан соғысының және Тың игеру уақытында мүмкіндігі шектеулі кейіпкерлерді міндетті бағдарламалар пәндерінен оқып, тәрбиелік сынып сағаттарында, сыныптан тыс (кино, театр, кездесулерде) тәрбиелік іс – шаралардан біліп танып үлгі тұтып, өмірлік қиындықты жеңуді үйренді. Бүгінде ондай мысалдар аз емес, Төлегенов Мырзағали Отарұлы техника ғылымдарының докторы, Ақтөбе облысының Ырғыз өңірінің тумасы, жас кезінде бір қолынан айрылса да, өмірден баз кешіп кетпей Торғай өңірінің киелі шаңырағы аталған Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік педагогикалық институттың алғашқы ректоры болып тағайындалды. Қазақ елінің тарихында тұңғыш рет қысқы параолимпиадалық ойындарына қатысушылары Александр Колядин (Қостанай), Қайрат Қанафин (Петропавл), Елена Мазуренко (Алматы), Жаңыл Балтабаева (Ақмола облысы), Денис Петринко (Щучинск) [3], атағы республикаға танымал, сазгер, күйші, ҚР еңбегі сіңген қайраткері, халық арасында Торғайдың текті ұлы деп танылған Айтбай Мұздаханов [4], қазақтың нағыз батыр қызы, әйгілі әнші Тамара Асар [5], он екі мүшесі сау адам жасамайтын іс-әрекеттерге барып, мүгедектігі өнерге кедергі келтіре алмайтындығын ісімен дәлелдеген табиғи талант иесі, тағдырды жеңген Тарлан, Халықтың ардақты өнер иесі, ел мәдениетінің өркендеуіне зор үлес қосқан халық артисі, дарынды өнер шебері Кененбай Қожабеков [6], ядролық қаруға қарсы күрескен ядролық қарусыздандыру қозғалысының белсенді мүшесі, суретші Кәріпбек Күйіков. Норвегия Осло қаласында «Менің сіздерді құшақтайтын жүрегім ғана бар: К.Күйіков шығармашылығы» атты сурет көрмесі ашылды [7]. Тағдыр тәлкегіне түскен үш жігіттен құралған «Сәт» тобының мүшелері Азат Әбілдаев, Сапарбай Алтыбай мен Тұрар Тұрмысов Шымкент қаласындағы көздері нашар көретін балаларға арналған «Үміт» мектеп-интернатында білім алады. Әнді өмірлеріне серік еткен жеткіншектер аз ғана уақыт ішінде халықаралық, республикалық байқауларда топ жарды. Ресейдің Санкт-Петербург қаласында өткен «Кастальский ключ» атты жетім балалардың халықаралық фестиваліне қатысқан «СӘТ» триосы бас жүлдені қанжығаға байлады [8]. 2014 жылғы Сочиде өткен параолимпиада ойындарының Ресейлік алтын жүлде игерлері Рушан Миннегулов, Елена Ремизова, қола жүлдегерлер Алкесандра Францева, Станислав Чохлаев т.б. [9].

Бірақ өкінішке, орай бұл танымал тұлғалардың өмірі мен жетістіктерін қоғамда тәрбиелік мәні толықтай қарастырылмаған. Әдеби шығармалар, арнайы теле-радио бағдарламалар мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірге қызығушылығын арттыратындай әдеби төл туындылар жоқтың қасы. Себебі, мұндай өмір мысалдары мүмкіндігі шектеулі баланы алға итермелеп, өмір күштарлығын оятса, қоғамдық «масылдық» көзқарастары өзгеріп, бос аяушылықтан - үлгі тұту, қоғамның толыққанды мүшесінде ретінде қабылдауы артады.

Ресей ғалымдарының зерттеуіне жүгінсек, мүмкіндігі шектеулі балалардың қол моторикаларының сурет салу, тігу, тоқу, ою-өрнек жасау, мүсіншілік, ағаш, зергерлік өнерге деген шығармашылық қабілеттілігіне бейім ерекшелігімен дараланады. Олар жеке жұмыс

жасай отырып өзінің ішкі жан дүние әсемдігін көрсетеді. Яғни, осыны ерекшелігіне сай педагог-психолог мамандар мектепте, мектепке дейінгі білім беру орындарында, жанұясында, демалу орындарында, тынығу лагерьлерінде мүмкіндігі шектеулі балалармен осы бағытта жұмыс жасауды талап етеді [9].

Арт-терапияда сурет салу арқылы адам өзін өзі бос ұстап, арман тілектері мен өз мүмкіндіктеріне еркіндік береді. Сонымен қатар, сурет салу барысында адам күшті уайымдаулары мен конфликтілері жағдайларда туындаған өз ойларын, сезімдерін сыртқа шығарып бейнелеп отырады. Бұл оның санасында жүрген қоршаған ортадағы шындықтың бейнесі өзі жасап алған модельдердің көрінісі.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың шығармашылығын дамыту үшін изотерапия әдісін ұсынамыз. Изотерапия, бейнелеу шығармашылығы терапиясы, яғни сурет салу болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды емдеуге қолданылатын арт-терапияның маңызды бағыттарының бірі. Кейбір адамдар үшін бұл әлемге өзі туралы өзінің шығармашыл адам екенін таныстырудың таптырмас құралы болып табылады.

Сурет салып отырған адам жағымсыз, жаралы бейнелерді есіне түсіреді. Сол уақытта туындаған қоқынышты, ауыр жағдайларды басынан өткізе отырып, сол кезде пайда болған сезімдермен арман тілектерін сыртқа шығарып отырады. Сол себепті, көптеген стресстік жағдайларда, қорқыныш сезімін бастан кешу кезеңінде, невроздарда коррекциялық жұмыстар жүргізу барысында және психологиялық қысымды төмендету үшін сурет салдыруды пайдаланады.

Изотерапиялық әдісті пайдалануда сурет сала алу міндетті емес, бірақ нәтижесінде адамның қабілеттері ашылуы мүмкін.

Педагог-психологтың мүмкіндігі шектеулі балалармен изотерапиялық жұмыс жасудағы ерекшеліктері:

- ❖ мүмкіндігі шектеулі балалардың эмпатиялық қабылдауына мән беру;
- ❖ мүмкіндігі шектеулі балаларды эмоционалды қолдау;
- ❖ шығармашылық мақсат қою;
- ❖ тақырыпты ашуға, өңдеуге көмектесу.

Педагог - психологтың мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізетін изотерапиялық жұмыс мүмкіндіктері:

- шығармашылықты арттырады;
- клиент өзін-өзі таниды;
- өзінің ойы мен сезімін еркін білдіреді;
- бұрын болған негативті ойлардан арыла алады;
- ми жарты шарларының қарым-қатынасын жетілдіреді [10].

Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіруде және қимыл- қозғалыс моторикаларын дамытуда, қоғамнан шектетілмеуіне септігін тигізетін әдістер қатарының маңыздысы ретінде изотерапия әдісі қолданылады. Расымен де, түзету, сауықтыру жұмыстарында изотерапияның орны ерекше. Сонымен қорытындылай келе, мүгедектіктің алдын алу үшін және мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсетуде жан-жақты әлеуметтік ұйымдар тарапынан жүйелі жұмыстар атқарылу тиіс. Сол кезде ғана, мүмкіндігі шектеулі балалардың таным процестерін, эмоциональдық бұзылуларын, сөйлеудің бұзылуын, оқу және жазудағы бұзылуларды психологиялық- логопедиялық түзету үлкен жетістіктерге жеткізеді деген сенімдеміз.

Зерттеу жұмысымызды нақтылау үшін «Арқалық қалалық әкімдігінің мүмкіндігі шектеулі балаларды күндізгі болу бөлімшесі» мемлекеттік мекемесінің «Қ» деген эпилепсиямен ауыратын балаға зерттеу жүргіздік. Зерттеу жұмысы барысында «Өз қорқынышынды бейнеле», «коллаж», «Бүрку шашырату», «Сикырлы бояулар», «Шимай» секілді көптеген изотерапиялық жаттығулар жүргізілді. Бастапқыда бала қорқынышын қағаз бетіне бейнеледі, әртүрлі қараңғыда қозғалып тұратын үй жиһаздары, түнде ұшатын құстарды т.б. суреттерді салды. Яғни, баланың бойында қараңғылыққа деген қорқыныш, үрей басым екені аңғарылды. Балаға күн мен түн жайлы әңгіме әдісі арқылы түсінік берілді.

Сонымен қатар, әртүрлі изотерапиялық жұмыстар жүргіздік. Ата-анасына бала ұйықтар кезінде жарық немесе шам жағып қоюға кеңес берілді. Қортындылау мақсатында, балаға өз қорқынышын қайта бейнелеу тапсырылды. Нәтижесінде, бала әртүрлі ашық, қанық түсті бояуларды пайдаланып, көз қуантарлықтай бейнелер салды.

Изотерапия ересек адамның көмегінсіз ең күшті өзін таныту түрімен байланысты болады. Мүмкіндігі шектеулі баланың өзінің ішкі сезімі мен өзін теңестіруді көрсетуіне жол ашады. Сонымен қатар, арнайы жабдықталған кабинеттерді талап етпейді. Қажетті құрал-жабдықтарды өзіңмен алып жүруге мүмкіндік туғызады.

Уақыты мен бала саны шектеулі эксперимент қортындысы, нақты қолданысқа берілу үшін емес, жоғарыда келтірілген ұсыныстар арқылы мүмкіндігі шектеулі балаға деген қоғамда болып жатқан кері көзқарастардың, ауыр олқылықтардың орнын азда болса жоюға көмек беретініне сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР 2002ж № 343 заңы
2. Қостанай таңы газеті №26 (18082) 7 наурыз 2014ж., «Ел назары тағы да Сочиде»
3. Kazak.ru сайты
4. Алаш-айнасы Республикалық қоғамдық-саяси күнделікті газет №181 (633) 13 қазан 2011ж., «Тағдырды жеңген тарлан»
5. [http:// www.azattyg.org/author/20642.html](http://www.azattyg.org/author/20642.html)
6. Киселёва, М. В. Арт-терапия в работе с детьми -СПб., 2008.
7. Грегг М.Ферс «Тайный мир рисунка» Перевод с англ - СПб Деметра, 2003г

ҮШІНШІ ЖӘНЕ ТӨРТІНШІ ДӘРЕЖЕЛІ ТЕНДЕУЛЕРДІ ШЕШУ

*Басымбекова Ә.Т., Арқалық қ.
Ы.Алтынсарин ат. мемлекеттік
педагогикалық институттың математика
мамандығының III курс студенті
Ғылыми жетекшісі:
Джаскетова С. Д., аға оқытушы*

Орта ғасырлар заманында алгебра, алгебралық символика бойынша жинақталған мағұлматтар, қол жеткен табыстар нәтижесінде ХҮІ ғасырдың математиктері күн тәртібіне бұрыннан қойылған, көптен бері шешуі табылмай келе жатқан бірсыпыра ірі мәселелерді қолға алды. Солардың бірі үшінші әне төртінші дәрежелі теңдеулерді шешу үшін қортып шығару.

Арифметика мен алгебра саласында үнділер ірі табысқа жетті. Үнділердің математикалық шығармалары біздің эрамыздың VI-XII ғасырлары арасында жазылған.

Үнді математиктері үшінші және төртінші дәрежелі теңдеуге келтірілетін кейбір есептерді шеше білген. Бірақ жалпы формуласын білмеген. Мысалы, Бхаскара әдейі тандап алынған $x^4 - 2x^2 - 400x = 9999$ теңдеуін шешу үшін оның екі жағын да $4x^2 + 400x + 1$ көпмүшені қосады:

$$x^4 + 2x^2 + 1 = 4x^2 + 400x + 10000;$$

$$(x^2 + 1)^2 = (2x + 100)^2$$

$$x^2 + 1 = 2x + 100x$$

$x = 11$ математикада жасанды әдісті қолдана отырып Үнді математигі Бхаскара үшінші дәрежелі теңдеуді осылай шешкен болатын. Грек математиктері арифметика мен алгебра мәселелерін, соның ішінді квадрат теңдеулерді геометриялық тәсілмен шешкен. Осындай кең тараған дәстүр-геометриялық тәсілден қол үзіп, теңдеулерді алгебралық әдіспен шешудің